

**2000 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина  
Министрлер Кабинетінің арасындағы азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімге  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 291 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2000 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинетінің арасындағы азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың  
ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрі Қанат Бекмырзаұлы Саудабаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2000 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинетінің арасындағы азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

жоба

**2000 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Украина Министрлер Кабинетінің арасындағы азаматтардың өзара  
сапарлары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу  
туралы хаттама**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Украинаның Министрлер Кабинеті,

2000 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина  
Министрлер Кабинетінің арасындағы азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімде,  
бұдан әрі - «Келісім», көзделген екі мемлекет азаматтарының өзара сапарларының  
режимін одан әрі реттеу мақсатында,  
төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Келісімнің 1-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бір Тарап мемлекетінің азаматтары шетелге жол жүру үшін жарамды құжаттарының негізінде баратын мемлекеттің мемлекеттік шекарасын бірінші рет кесіп өткен күнінен бастап бір жүз сексен (180) күн ішінде тоқсан (90) күнге дейінгі мерзімде екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келе алады, транзитпен өте алады, кете алады және бола алады.»

## **2-бап**

Келісімнің 1-бабы мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Егер мұндай болу мерзімі екінші Тарап мемлекетінің аумағына бірінші рет келген күнінен бастап бір жүз сексен (180) күн ішінде тоқсан (90) күннен аспайтын болса, оларда осы екінші Тарап мемлекетінің аумағына кірген кезде шекаралық бақылау органдарының белгісі қойылған көші-қон карточкасы болған жағдайда, бір Тарап мемлекетінің азаматтары өзара негізде осы екінші Тарап мемлекетінің аумағына, құзыретті органдарда тіркелуден босатылады.»

## **3-бап**

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және дипломатиялық арналар арқылы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісіммен бір мезгілде күшін жояды.

2010 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаған жағдайда, Тараптар Хаттаманың орыс тіліндегі мәтініне жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Украинаның Министрлер*

*Кабинеті үшін*